

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.»Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев —Алматы»Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 — 4б.
- 2 Сабыров С. Қазақстан тарихы. 2—ші басылым Алматы: Ғылым, 2002—170 б.
- 3 Омарбеков Т. Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы мен тағылымы». // Тарих ғыл. докторы. дисс. авторефераты.— Алматы, 1994 — 35 б.
- 4 Омарбеков Т. Атабаев Қ. «Кооперативтендіру сабақтары.// Лениншіл жас, 1988— № 31, 3—4 тамыз, 7б.
- 5 Төлепбаев Б.А. Осипов В.П.. Асырмай да, жасырмай айтылар шындық.// Социалистік Қазақстан, 1989— № 4, 14 қаңтар, 9б.

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ – ЕЛ ҮШІН ТУҒАН ЕР

Жумагулова Қ.Б. магистр, ғылыми қызметкер.

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі.

Назаров Е.Ж. магистр, мұғалім.

ТОО «Astana Garden School».

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

Аз ғана ғұмырында мәнді де мағыналы өмір сүріп, соңында өлшеусіз мол мұра қалдырған қайраткер, ағартушы, сыншы-көсемсөзші, қазақ мәдениетінің тарихшысы Темірбек Қараұлы Жүргенов 1898 жылдың қарашасында киелі мекен, қасиетті жер, қазақтың көптеген озық ойлы таланттарын дүниеге әкелген Қызылорда облысының Жалағаш ауданында өмірге келген. Бүгінгі таңда оның шығармашылығы қазақ халқының рухани мұрасы, қоғамдық-саяси қызметі туған халқы мен елі үшін жан аямай еңбек етудің үлгісі ретінде тынылады. Т.Жүргенов қазақ мәдениеті мен әдебиеті, ғылымы мен білімін дамытуға, олардың аса қиын кезеңде қалыптасуына қосқан үлесі зор. Ол қазақ өнерінің дамуы мен қазақ тілінің республикада негізгі қолданыс тілі болуын арман етті және сол үшін күресті.

Жас кезінде Мұхаметжан деген ауыл молдасынан сабақ алып, кейін Тұрмағамбет Ізтілеуов ұстаздық еткен ауыл мектебінде оқиды. 1909-1913 жж. Аламесектегі орыс-қазақ мектебінде, 1913-1917 жж. Перовскідегі (қазіргі Қызылорда) Суханский атындағы училищеде бастауыш білім алған. 1917 жылы Уфадағы жер шаруашылығы училищесіне оқуға түседі. Осында оқып жүріп қоғамдық өмірге белсене араласады, студент жастардың әлеуметтік қозғалыстарына қатысады. 1918 жылы Торғайда шыққан «Қазақ мұңы» газетінің жауапты хатшысы болды. 1919 жылы Ырғыз уезі Кенжеғара болысы ревкомының төрағасы қызметіне тағайындалған. 1920 жылы коммунистік партия қатарына өтеді. 1921-1923 жж. Орынборда жұмысшы факультетіне оқуға түседі. Бұл кезде университет 2 мыңнан астам студенті және 370 профессор мен оқушысы бар ірі оқу орнына айналған еді [1, 17 б.].

Т. Жүргенов 1927 жылы университетті үздік бітіргеннен кейін, осы оқу орнының мемлекеттік құқық бойынша ғылыми қызметкері болып істеді. 1929 жылы БК(б)П Орталық комитетінің Орта Азия бюросы оны Тәжік АКСР қаржы халық комиссары етіп тағайындайды. Ал, 1930-1933 жылдары Өзбек КСР халық ағарту комиссары қызметін абыроймен атқарды. Сөйтіп, ол Тәжікстан мен Өзбекстан экономикасын нығайтуға, мәдениеттің көтеруге халыққа білім беру ісін жолға қоюға, сол кезде қолға алынған үлкен реформа – мәдени революцияны іске асыруға құлшына кірісіп, жүздеген мектептер ашты, оқулықтар шығару ісіне мұрындық болды. Оның бұл бауырлас халықтар арасында жоғары сенімге ие болуының басты себебі – осы екі ұлттың тілдерін жетік меңгергендігінен. Бала кезінде-ақ Тұрмағамбет шайырдан өзбек, тәжік, араб, парсы тілдерін үйренуі қызмет істеп

жүрген кезінде жергілікті халықпен емін-еркін сөйлесіп, олардың тілінде баяндамалар жасауға септігін тигізді [2, 67 б.].

Қазақстан Ағарту халық комиссары болып қызмет істегенде Т. Жүргенов Қазақстанда білім, ғылым, өнер, мәдениет салаларының дамуына елеулі үлес қосқан деуге болады. Осы кісінің басшылығымен қазіргі белгілі оқу орындарының, театрлардың іргетастары қаланып, ұлттық интеллигенцияның, жоғарғы білімді мамандардың жаңа, көптеген қатары пайда болды. Бұл мамандарды дайындау үшін оларды Ресейдегі оқу орындарына, оның ішінде Мәскеуге, Ленинградқа жіберіп сол қалаларда қазақ бірлестіктерінің қауымдастығын құрып, сол қауымдастықтар арқылы Комиссариаттан қаржы бөліп қосымша степендия, санаторияларға жолдамалар бөліп сыртта оқыған қазақ балаларына көмек беріп отырған [3, 165 б.].

Қай жерде қызметте болмасын жеке адамгершілік қасиетіне тән, өзіне тапсырылған қызметті оның адалдықпен атқарғанын көреміз. Көптеген уақыттар бойы бодандық құрсауында болған, әл-ауқаты төмен экономика жағынан артта қалған Орта Азия мен Қазақстанның оқу-ағарту саласын басқару кімге болса да оңай шаруа емес екені белгілі. Әуелі сауатсыздықты жою, жаппай бастауыш мектептер ашу ісі қолға алына басталды. Т.Жүргенов ел аузындағы халық әдебиеті мұраларын жинап, жарыққа шығаруды да қолға алып, ел-елді, ауылдық мекендерді аралап, ауыз әдебиеті нұсқаларын жинақтайтын топтар жасақтады. Соның арқасында қолжазбалар қоры толығып, көптеген жинақтар, кітаптар жарық көрген. Осы ретте «Шахнаменің» қазақша нұсқасы табылып, ол баға жетпес қызынамызға, алтын қорымызға айналды. [4, 31 б.].

Қазақстан әдебиеті мен өнерінің 1936 жылы Мәскеуде болған алғашқы онкүндік қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетінің жетістіктерін бүкіл одаққа танымал етті. Үкімет қазақ халқының әдебиет пен өнер қайраткерлерінің таланты мен шеберлігін жоғары бағалады. Расында да қазақ мәдениет өнерінің Мәскеу қаласындағы алғашқы онкүндігінің іс жүзіндегі басқарушы да, жауаптыда Т.Жүргенов болатын. Қазақстан халқының халық артисі Ш.Жиенқұлова өз естелігінде «Т.Жүргенов халқымыздың нағыз біртуар азаматы еді. Оның еңбегі көпке дейін аталмай жүрді. Егер қазақ халқы 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің алғашқы онкүндігін мақтаныш ететін болса, алдымен Т.Жүргеновтың аты аталу керек. Мәскеу қаласында да түн ұйқысын төрт бөліп қазақ өнер шеберлерінің басы қасында жүруі, жанға қуатты жалынды сөзі біздерге қаншама күш-қуат берді десеңізші!» - деп есіне алып, Т.Жүргеновтың ұйымдастырушылық қабілетіне өте жоғары баға берген болатын [5, 79 б.].

Т.Жүргеновтың тікелей басшылығымен қазіргі Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры, драма театры, бүгінгі Құрманғазы атындағы ұлттық консерватория, Қазақ филармониясы, хореографиялық училище, Қазақстан Жазушылар одағы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақ ұлттық аграрлық университеті салынғаны көзі қарақты оқырманға белгілі. Бұл күндері аталған орындар мен ғимараттар қазақ руханияты мен ғылымының, мәдениеті мен өнерінің, әдебиетінің алтын төріне айналып отыр [4, 45 б.].

1937 жылы 2 тамызда Т.Жүргенов қамауға алынды. Оны тергеуге Залин белсенді араласты. Т. Жүргеновті қыркүйекте кабинетіне алдыртып, екі-үш НКВД қызметкерлерімен оған қатты қысым жасаған. Тура бір ай 6 күн. «Мен өзімді кінәлімін деп есептемеймін. Себебі, ешқандай контрреволюциялық ұйымға мүше болғаным жоқ және ондай ұйымның бар жоғы маған белгісіз» - деп үзілді-кесілді жауап берген.

Т.Жүргеновке мынадай айыптар тағылған:

1. Т.Жүргенов ұлтшыл, терроршыл көтерілісші, шпиондық-диверсиялық ұйымның құралған кезінен (1926-1927 жж.) бастап оған басшылық еткен, жұмыстарына белсене қатысқан.

2. Контрреволюциялық ұйымға жаңа мүшелер қабылдаған.

3. 1930 жылы кеңес өкіметіне қарсы Қарақұм көтерілісінің ұйымдастырушыларының бірі болған.

4. Қазақстандағы контрреволюциялық ұйым жетекшілерінің бірі, шетел мемлекеттерінің Кеңес одағына қарсы соғыс жариялауына туралап көтеріліс әзірлеген.

5. Контрреволюциялық ұйымның терроршыл жұмыстары жайында хабардар болған және кадрларды сол мақсатта дайындаған. Ұйым басшыларының тапсырмасы бойынша Орталық ВКП(б) Саяси бюро мүшелеріне террорлық акт әзірлеген. Сондай-ақ Қазақстан ОК КП(б) хатшысы Мирзоян жолдасқа террорлық акт жасауға басшылардан тапсырма алған.

6. Қазақстанда өнеркәсіп және ауылшаруашылығында жүргізіліп жатқан диверсиялық әрекеттерді білген. Басшылардың директивасы бойынша жеке өзі де диверсиялық топ құрды. 1936 жылы Алматы қаласындағы баспахананы өртеуге дайындық жүргізген және ұйым мүшелеріне Темір жолда диверсиялық әрекеттерді жүргізуге тапсырма алған.

7. Халық Ағартудың барлық саласында зиянкестік жұмыс жүргізген және бұл іске өзі де басшылық еткен, яғни РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-і «а», 58-7, 58-8 және 58-9 баптарына қараған қылмыстарды жасаған.

Осы айыптау бойынша КСРО жоғарғы сотының әскери коллегиясының көшпелі мәжілісінде (1938 жылы 25 ақпан) Т.Жүргенов «қылмыстық ісін» қысқа мерзімде, небәрі 20 минут ішінде қарап, оны ату жазасына кескен. Үкім сот мәжілісі аяқталысымен-ақ сол кезде жүзеге асырылды [1, 143 б.].

Қайраткердің зайыбы, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген дәрігері, Ленинмен алғаш кездескен тұңғыш қазақ Әлімхан Ермековтың қарындасы Дәмеш Ермекова Темірбек Жүргенов атылған күні абақтығы жабылған. Дәмеш Әмірханқызы (1905-1990 жж.) Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетін 1929 жылы бітірген. 1929-1933 жылдары Ташкент медициналық институтында оқытушы балып қызмет етті. 1938-1946 жылдары «халық жауының» жары ретінде, 8 жыл тұмырын АЛЖИР-де өткізген. Дәмеш Ермекова ақталып келгеннен кейін 1956-1973 жылдары Алматы медициналық институтында оқытушы болды. Жарының, өзінің де жазықсыз жазаланғандығы жөніндегі ақтау қағазын алғаннан кейін 30 жылдан астам уақыт бойы ол бар күш жігерін игілікті іске Темірбек Қараұлының халқына сіңірген еңбегін кейінгі ұрпаққа жеткізу ісіне сарп етумен келді. Айнымас адал жарының қажырлы ізденістері нәтижесінде Т.Жүргеновтың екінші, мәңгілік өмірі басталды. 1957 жылы КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясы Т.Жүргеновті толық ақтағасын, Дәмеш Ермекова жарының адал есімін халқына жаңғыртам деп фольклорист М.Байділдаевпен көп шаруа тындырды. Қайраткердің туғанына 80, 90, 100-жылдық мерейтойды атап өту тұрғысынан естелік-әңгіме, кітап шығарып, ерінің еліне істеген ерең еңбегін жұртшылыққа жариялап жүріп, өзі де өмірден өтті [1, 188 б.].

ҚР Ұлттық музейі қорында мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновтың зайыбы Дәмеш Ермекованың күміс жүзігі сақтаулы. Жүзіктің формасы құсмұрынды болып келеді, сырылған, қарайған. Өкінішке орай, қазақ елінің дамуына өз үлесін қосқан тарихи тұлғаларымыз Темірбек пен Дәмеш Жүргеновалардан қалған құнды жәдігер жүзік пен фотосуреттер қана. Жүзік ҚР Ұлттық музейі қорына 2014 жылы «АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандары мұражай-мемориалдық кешенінен берілген болатын.



Дәмеш Жүргенованың күміс жүзігі

Темірбек Жүргеновтың халқымыздың болашығы үшін атқаратын жұмыстары мен жоспарлары көп еді. Халқы үшін қалқысыз қызмет еткен үлкен тұлға 1937 жылдың зобалаңына ұшырап, 39 жасында жазықсыз жала жабылып, құрбан болды. Қорыта айтқанда, Қазақстан әдебиеті мен өнерінің, білімі мен мәдениетінің 1920-1930 жылдардағы дамуында Темірбек Жүргеновтың алатын орны ерекше, жазған еңбектерінің ғылыми маңызы зор. Алдымызда Темірбек Жүргеновтың өмір жолының тылсым беттерін ашу, еңбектерін тереңінен зерттеу, мұраларынан тағылым алу, насихаттау және бұқараға жеткізу міндеті тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Иманғалиев Б.С. Темірбек Жүргенов (зерттеулер, мақалалар, құжаттар жинағы). – Алматы, 2012. – 439 б.
- 2 Жизнь и деятельность казахской национальной интеллигенции в Туркестане (Сборник документов и материалов). – Шымкент, 2004. – 276 с.
- 3 Құнантаев К.К. Қазақстанда білім беру ісінің дамуы (1917-2000 жж.). – Алматы, - 2003 ж. – 193 б.
- 4 Иманғалиев Б. Темірбек Жүргенов шығармалары. – Алматы, 2013. – 384 б.
- 5 Дайрабай Т. Тұғыры биік тұлға. – Алматы: Шартарап. 1998. – 170 б.

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ В ИЗУЧЕНИИ РЕПРЕССИИ ПРОТИВ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ

Ибраева Д.М. архивист

КГУ «Государственный архив Карагандинской области по научно-технической документации», г. Караганда, Казахстан

Важной задачей современного независимого Казахстана в плане его дальнейшего развития является полное преодоление последствий тоталитаризма во всех сферах жизни и общества. Методология истории массовых политических репрессий и критерии в оценке событий не разработаны до сегодняшнего дня, процесс разработки методологии репрессий является сложным и включает в себя исследования, анализ и накопление знаний о различных аспектах репрессий. История и политология предоставляют нам базовую методологическую основу для изучения репрессий, но это поле постоянно развивается, и